

Барлық мамандық мұғалімдері

Ескерту. Кіші бөлімге өзгерістер енгізілді-ҚР Білім және ғылым министрінің 2009.03.20 № 128 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т.қараңыз) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері: мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырады. Оқушының жеке басының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал етеді, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін анықтайды және дамытуға ықпал етеді. Оқытудың әртүрлі формаларын, әдістерін, әдістері мен құралдарын қолданады. Оқытылатын пән бойынша қажетті жоспарлар жасайды. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген деңгейден төмен емес білім, білік және дағды алуын қамтамасыз етеді. Оқу және үлгілік жұмыс жоспары мен оқу процесінің кестесіне сәйкес білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысады. Әдістемелік бірлестіктердің қызметіне және әдістемелік жұмыстың басқа да нысандарына қатысады. Өзінің кәсіби біліктілігін жүйелі түрде арттырады. Ата-аналармен немесе оларды алмастыратын адамдармен байланыс орнатады. Оқу тәртібін, сабаққа қатысу режимін қолдайды. Жабдықты пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарын орындайды.

Білуге тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, " Білім туралы ", "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: Жоғары педагогикалық білім, Бастауыш білім беру мұғалімдері үшін-жоғары педагогикалық білім немесе техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта) білім.